

Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп – лицейі» КММ

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мәселелерін қалыптастыру мақсатында
өткізілген жұмысының жылдық есебі 17.01.2023ж**

2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру аясында 2022-2023 оқу жылына іс – шаралар жоспары құрылды. Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарында бекітілген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мәселелерін қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізілді. Мемлекет басшысының "халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыру үшін ашықтықты қамтамасыз ету, тұрғындарды алаңдатқан мәселелердің шешу жолдарын қарастыру және заң аясында дұрыс бағыт-бағдар беру.

Өскелең ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыру, 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс – қимыл жөніндегі бағдарламасын іске асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық» бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының аудандық және қалалық байқауларына қатысуы, «Мемлекеттік қызмет–елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет салу байқауы, «Адал бол» жоғары сынып оқушыларына арналған ең үздік бейнехат байқауы, Барлық сыныптарды бірыңғай "Адалдық сабақтары", «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырыбына арнайы мемлекеттік қызмет ардагерлерімен, мемлекеттік қызметкерлермен кездесулер өткізілді.

«Адал ұрпақ – жарқын болашақ» жобасы бойынша «Абайдың қара сөздері» байқауы, «Әлеуметтік желі – сыбайлас жемқорлыққа күрес жолы» қоғамдық бейнероликтер түсіру, Сенім жәшігі, «Жоғалған заттар бюросы» бұрышын ұйымдастырылды. Адалдық – адам бойындағы таза ниеті бағалы қасиеті ұрпақтарымызды сана сезімімен ар ождан қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық этикалық жиынтығын бойына сіңіре отырып тәрбиелеуге барлығымыз атсалысуымыз керек.

Мектебімізде әрбір параллель сыныптардан қамқоршылық кеңесі құрылған. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Шаңбаева Бақыт Хасенқызы және оның мүшелері мектеппен тығыз байланыста, мектептегі іс-шараларға белсенді қатысып, өз үлестерін қосуда. Осы жоғарыда аталған іс-шараларға қосып кеткім келеді Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті, «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңесі, Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын басшылыққа ала отырып, адалдық құндылықтарын насихаттау, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, заманауи жетістіктерге лайықты парасатты тұлғаны дамыту,

озат-ойлы, парасатты, қайырымды оқушыны тәрбиелеу мақсатында әр түрлі іс шаралар қала көлемінде өткізіліп жүр,
 2022 жылдың 22 қараша күні 10 «а» сыныбында сынып жетекші Қуанышкүл Кәдіпшіқызының ұйымдастыруымен «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына сыныптың ата-аналары, оқушылар және пән мұғалімдердің қатысуымен өткізілді. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі және мектептің ақсақалдар ұйымының төрағасы Асқар Серікбайұлы қатысты. Тәрбие сағаты «Отбасы-бақыт мекені» атты видеорлигімен басталды. Оқушылар өздерін видеодан көріп таңғалысты. Әдемі әсер қалдарды.

<https://www.youtube.com/watch?v=EvMYqv1xxMg>




Іс-шараның мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; табысты оқушы-табысты мұғалім-табысты мектеп болуға, ынтымақтастықпен бірлесіп ұлт болашағын тәрбиелеуге ат салысу.

Іс шара барасында оқушылармен «Шынымды айтсам...» тренингі, ал ата-аналар мен ұстаздар тобы «Өнегелі отбасы қандай болу керек?», «Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» тақырыбында педагогикалық ойын, жағдаяттық тапсырмалар орындалды. Ата-аналар тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады.

Іс-шараның соңында сынып оқушылары Акерке мен Таирдың орындауындағы тамаша күйге ұласты. Тәрбие сағатының соңында келген ата-аналар мен қонақтар кері байланыс жасап, жылы лебіздерін білдірді.

<https://www.instagram.com/reel/CIGQWaWKZZB/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



Ата-ана мен пән мұғалімдер сабақтан алған әсерлерін жүрекше қағаздарына жазып, ліді.
 2022 жылдың 25 қарашасында балалар жылы «Дос бола білейік» тақырыбында ашық тәрбие сағаты 7 «Ә» сыныбында өткізілді. Өткізген сынып жетекшісі Қайбалдина

Замзагул Қарымбаевна . Мақсаты оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, досқа адал болуға, өтірік айтпауға, татулыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу, мейірімділік пен сүйіспеншілік құндылықтарын бала бойында қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңінде оқушылар бір-біріне жағымды көңіл күй сыйлады. «Нағыз дос» атты алма ағашына, досқа тән қасиеттерді жазып ілді. «Сөйлемді аяқта» тренингі, «Ренжістік, достастық» ойыны, «Хат қоржыны» хатқа жауап, «Мінездеме беру» тренингі, «Жүректен жүрекке» шеңбер бойымен бір-біріне жақсы тілектерін білдірді, «Досым саған арнаймын» эссе жазу жұмыстары жүргізілді.



7 «Ә» сыныбында «Дос бола білейік» тақырыбында өткізілген ашық тәрбие
Өткізген сынып жетекшісі Қайбалдина Замзагул Қарымбаевна

Мектеп психологы Даулетова Жансая Тоғайбекқызы сыныпқа социомериялық зерттеу жүргізді.



Сыныпта достарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға, өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек қарым –қатынастарын дамытуға, татулыққа, дотыққа, ұжымшылдыққа шақыра білген тәрбиелік мәні бар тәрбие сағаты болды.

<https://www.instagram.com/p/Cks5HHYtk94/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

2022 жылдың 29 қарашасында 10-11 сынып оқушыларына құқықтық білім сабағы өткізілді. Нұр-Сұлтан қаласының тәртіп сақшылары – ювеналды полиция қызметкерлері, Орталық өңірлік әскери-тергеу басқармасының бастығы әділет полковнигі Айтқалиев Аслан Ерболатұлы «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды.

Қазіргі таңда көп қозғалатын мәселелердің бірі – мектеп оқушыларының арасындағы электронды темекі. Оның не екенін, түрлерін ұлдар да, қыздар да біледі. Электронды темекінің құрамында химиялық заттар, яғни түрлі бояғыштар, сұйықтықтар бар. Балалардың ағзасы әлі жас болғандықтан оған тез тәуелді болып, үйреніп кетеді. Вейбтен темекідегідей түтін шықпайтындықтан мектеп оқушыларының арасында оны пайдаланатындар көп. Себебі оның иісі қатты шықпайды және оны балалар кіреберістерде, аулаларда ата-анасына көрсетпей қолданады. Вейб ол өкпе ауруына әкеп соғуы мүмкін екендігін Орталық өңірлік әскери-тергеу басқармасының бастығы әділет полковнигі Айтқалиев Аслан Ерболатұлы атты .



Нұр-Сұлтан қаласының тәртіп сақшылары – ювеналды полиция қызметкерлері, Орталық өңірлік әскери-тергеу басқармасының бастығы әділет полковнигі Айтқалиев Аслан Ерболатұлы «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында дәріс оқуда

Электронды темекіні пайдаланғаны үшін Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексте көрсетілген 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Егер бала 16 жасқа толған болса, онда баланың өзіне салынады. Ал егер 16 жасқа толмаса, онда ата-анасына айыппұл салынады.

Сонымен қатар кәмелет жасына толмаған балаларға темекі, электронды темекі сатқан дүкен иесі де әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оған 15 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал полицей Азамат Наурызбаев балалардың көбісі темекіні мектептің жетханасында тығылып шегетінін айтады

2 желтоқсан күні 9- сыныптардың әкелелері мен балаларының арасында «Ой мен ойын» танымдық ойыны ұйымдастырылды. Сайысқа әр сыныптан бір әке мен ұл бала шақырылды. Әкелер іс-шараға үлкен дайындықпен келген. Сайысқа қатысқан ата-аналар мен оқушылар.



Ой мен ойын танымдық сайысы өте тартысты өтті. Мұндағы ойын алты кезеңнен тұрды. Жүргізушілер ойынның шартымен таныстырып өтті.

Бұл іс-шарада қатысушылар өз іштерінен топ басшысын сайлап, топтың атын өзара ақылдасып қойып алды. Әкелер мен балалар көптеген қызықты тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындады. Берілген тақырыпқа байланысты жасырын сөзді ым-ишарамен 1 минутта бірнеше сөздерді түсіндіру, «Хоронология» кезеңнің шарты бойынша тәуелсіздік тақырыбына байланысты жылдар мен берілген суреттерді сәйкестендіру барысында білімдерін тексерді.



«Ой мен ойын» танымдық сайыстың қатысушыларының ептілігі мен білімдерін саралап отырған бақылаушылары болып мектебіміздің жастарынан құралған тобы қазылық етті. Әр қатысушы әке мен оқушылар алған әсерлерімен бөлісті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Ф. Исакова сайыстың маңызыдылығына тоқталып, іс-шараға қатысқан, келген адамдарға алғыс білдіріп, алда келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

2022 жылдың 8 желтоқсанда «Терең тарихтан – жарқын болашаққа» тақырыбында қалалық интеллектуалды - танымдық турнирінің 9 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін өркендетуге, Тәуелсіздігіміздің шексіз, мәңгі болуына адал қызмет ететін білімді де жан-жақты дамыған, интеллекті жоғары, батыл текті, намысты ұрпақ, шынайы патриоттар тәрбиелеу. Өз Отанын сүюге, туған елінің тарихын, зиялы тұлғаларын тануға шақыру. Қатысқан оқушылар саны - 200.



Тәуелсіздік мерекесіне орай «Терең тарихтан – жарқын болашаққа» қалалық интеллектуалды - танымдық турнирі



Тәуелсіз Қазақстан елінің тарихы – Отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін, тамыры терең бай тарих. Елім, Жерім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз отбасынан, өз қаласынан, өз өлкесінен, өз мектебінен басталады.

Міне, бүгінгі біздің интеллектуалды - танымдық ойынымыз осыған дәлел.

Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізілген

Мектепте адалдық құндылықтарын тәрбиелеу мақсатында «Адалдық кітапханасы» жұмыс жүргізеді. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін кітаптар қойылған. Оқушылар керекті кітаптарын алып оқиды және оқып біткен соң орнына қояды.



«Адалдық кітапханасы» мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін жұмыс жасайды

25.11.2022 жылы 1-сынып оқушыларына кітапхананы пайдалану қағидасын түсіндіру мақсатында Кітапхана меңгерушісі А.Жақсылықова және «Жас Ұлан» ұйымының кітапхана белсенділері сабақ өтті. Оқушыларға кітапхананы пайдалану қағидалары «Бауырсақ» ертегісінің желісімен сахналық қойылым түрінде түсіндірілді. Оқушыларды ырғақты сезін ойынымен қарсы алды, сахналық қойылымды тамашалап болған соң, кітапханаға мектебіміздің «ен үздік оқырманын» қорапшаға жасырып қою арқылы әрбір оқушыға жеке-жеке көңіл бөліп кіргізді. Кітапханалық сабақ, сахналық қойылым оқушылардың да сынып жетекшілердің де көңілдерінен шықты. Жалпы 193 оқушы қамтылды.


Кітапхана меңгерушісі А.Жақсылықова және «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 1-сынып оқушыларымен бірге

9 желтоқсан күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірінғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Мектебімізде барлығы- 414 оқушысы, оның ішінде жас ұланға -186 оқушы, жас қыранға- 228 оқушысы «Жас ұлан» мен «Жас Қыран» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды. Галстуктерді мектебіміздің директоры Ж. Өмірханқызы, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары мен мектеп президенті мен жас ұлан мүшелері тақты.



Жасұландықтармен бірге өткізілген іс-шаралар оқушылардың жұмыстарына бағыт-бағдар беру болады. Бірлесіп жұмыс істеу арқылы ғана оқушылармен жұмыстың тиімділігі артатыны белгілі.

Жастар, жас ұрпақ – біздің болашағымыз. Болашақтың жемісін бүгіннен баптау, оларға дұрыс бағыт беру баршамыздың негізгі мақсатымыз. Сондықтан да ұлттық құндылықтар мен адамгершілік-ізгілік тәрбиесін бере отырып, жас ұрпақты өз Отаны – Қазақстан Республикасының патриоты болуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, білімді сапалы меңгеріп, өнерді бойға сіңіруге, саламатты өмір салтын ұстануға насихаттай келе, әр сыныптың топ басшылары ұйым президентіне дайындықтары туралы рапорт беріп, қабылданушылар атынан ресми түрде ант қабылдады.



Салтанатты жиынды ұйымның мүшелері, оқуда озат, 5-сыныптың белсенді оқушылары Қайырхан мен Аяжан жүргізді. Бұл ұйымның ертеңгі болашақ үшін берері мол. Өйткені, тәрбие беру бағытында міндеттер көп. Олардың білім нәрімен сусындап, өнерді серік етуіне бірден-бір ықпал ететін ұйым екені туралы жүргізушілер атап өтті.

Қорыта айтқанда жас ұландықтарға осы жоғарыда баяндалғандай патриоттық сезімдерді жеткізу, оқушының көкейіне патриотизм туралы ой сала білу, үлгі көрсету арқылы заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелеуге сенімдіміз.



https://www.instagram.com/reel/C181jK2K_RY/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
https://www.instagram.com/p/C1_wQ2TNNPR/?igshid=YmMyMTA2M2Y=



Мектеп директоры

Ж.Жұмабекова

Орындаған: Н.Искакова